ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҒАН БАЛАМАЛАР: ТІЛ ҮЙРЕТУ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нурмагомбетова Ынтымакгул Ероловна
Аға оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
yntymakgul.nurmagombetova@ayu.edu.kz

АННОТАЦИЯ.

Мақалада қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі тұлғасы ұқсас, бірақ мағынасы мен қолданысы ерекшеленетін жалған баламалар салыстырмалы-сипаттамалы және семантикалық әдістермен зерттеледі. Тілдік бірліктер толық, ішінара, қолданыс белсенділігі әртүрлі және фонетикалық ұқсастықтан туындайтын жалған сәйкестіктер болып жіктеледі. Зерттеу нәтижелері мұндай сөздерді жүйелеудің тіл үйрету, аударматану, лексикография және салыстырмалы түркология үшін маңызды екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: қазақ тілі, түрік тілі, жалған балама, семантикалық алшақтық, сөздік қор, тіл үйрету, аударма.

Аннотация. В статье с использованием сравнительно-описательного и семантического методов исследуются ложные эквиваленты казахского и турецкого языков, сходные по форме, но различающиеся по значению и употреблению. Языковые единицы классифицируются как полные и частичные ложные эквиваленты, единицы с различной частотностью употребления и ложные соответствия, обусловленные фонетическим сходством. Результаты исследования показывают значимость их систематизации для преподавания языков, переводоведения, лексикографии и сравнительной тюркологии.

Ключевые слова: казахский язык, турецкий язык, ложные эквиваленты, семантическое расхождение, лексика, преподавание языка, перевод.

Abstract. The article examines false equivalents in contemporary Kazakh and Turkish that are similar in form but differ in meaning and usage, using comparative-descriptive and semantic methods. The linguistic units are classified as complete and partial false equivalents, units differing in frequency of use, and false correspondences arising from phonetic similarity. The findings demonstrate the importance of their systematization for language teaching, translation studies, lexicography, and comparative Turkic studies.

Keywords: Kazakh language, Turkish language, false equivalents, semantic divergence, vocabulary, language teaching, translation.

Кіріспе

Қазақ және түрік тілдері – тарихи негізі ортақ, түркі тілдері жүйесіне жататын туыстас тілдер. Екі тілдің грамматикалық құрылымында, сөздік қорында, тұрақты тіркестерінде және жалпы тілдік дүниетанымында көптеген ортақ белгілер кездеседі. Тілдердің туыстығы олардың иелерінің бір-бірінің тілін үйренуіне, өзара түсінісуіне және бір тілден екіншісіне аударма жасауына белгілі дәрежеде қолайлылық туғызады. Алайда туыстас тілдердегі сыртқы тұлғасы бірдей немесе ұқсас сөздердің барлығы бірдей мағына білдіре бермейді.

Тіл – үнемі даму үстіндегі құбылыс. Түркі халықтарының әртүрлі географиялық ортада өмір сүруі, өзге халықтармен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі олардың тілдік жүйесіне де әсер етті. Соның нәтижесінде бір кездері ортақ немесе мағыналық жағынан жақын болған кейбір сөздер жеке түркі тілдерінде әртүрлі семантикалық даму жолынан өтті. Бір тілде сөздің бастапқы мағынасы сақталса, екінші тілде оның мағынасы кеңеюі, тарылуы немесе мүлде басқа ұғымды білдіруі мүмкін [4: 127].

Қазақ және түрік тілдерінің сөздік қорында дыбысталуы мен тұлғасы жағынан бір-біріне жақын сөздер мол. *Ана, су, жер, отан* тәрізді бірқатар сөздердің айтылуы ғана емес, негізгі мағыналары да екі тілде сәйкес келеді. Сонымен бірге тұлғасы ұқсас болғанымен, мағынасы толық немесе ішінара ажыраған сөздер де кездеседі. Мұндай лексикалық бірліктер туыстас тілді үйренушіге алғашында таныс болып көрінгенімен, оларды ана тіліндегі мағынасына сүйеніп түсіну жаңсақтыққа әкелуі мүмкін.

Қазақ және түрік халықтарының білім беру, туризм, мәдениет, экономика және басқа салалардағы байланыстарының кеңеюі екі тіл арасындағы тікелей қарым-қатынастың маңызын арттырып отыр. Сондықтан екі тілдің ортақ сөздік қорын анықтаумен қатар, сыртқы тұлғасы ұқсас болғанымен, семантикалық құрылымы ерекшеленетін бірліктерді жүйелі зерттеу де маңызды.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі тұлғасы бірдей немесе ұқсас, алайда мағынасы, қолданылу аясы немесе қолданыс белсенділігі жағынан ерекшеленетін сөздерді салыстыра зерттеп, олардың семантикалық түрлерін анықтау және мұндай бірліктердің тіл үйрету мен аударма үдерісіндегі ерекшеліктерін көрсету.

Осы мақсатқа сәйкес қазақ және түрік тілдеріндегі тұлғалық жағынан ұқсас бірліктерді анықтау; олардың екі тілдегі семантикалық құрылымын салыстыру; толық және ішінара жалған баламаларды ажырату; қолданыс белсенділігі жағынан ерекшеленетін бірліктерді көрсету; фонетикалық

ұқсастық нәтижесінде пайда болатын қате сәйкестендірулерді анықтау; олардың тіл үйрету мен аудармадағы ықпалын көрсету міндеттері қойылды.

Жалған баламалылық мәселесінің зерттелуі

Туыстас тілдердегі тұлғасы ұқсас, алайда мағынасы толық немесе ішінара сәйкес келмейтін сөздер түркологияда арнайы зерттеу нысанына айналған. Түрік тіліндегі ғылыми әдебиеттерде мұндай тілдік бірліктерге қатысты *yalancı eşdeğerler* термині кеңінен қолданылады [13: 1877–1890].

Түркі тілдері арасындағы сөздік баламалылық мәселесін зерттеген М. Уғұрлу сөздердің сыртқы ұқсастығы олардың ұғымдық өрістерінің толық сәйкесетінін білдірмейтінін көрсетеді. Түркі тілдеріндегі ұқсас сөздер бір-біріне бір-бір, бір-көп қатынасында балама болуы немесе мүлде балама болмауы мүмкін [12: 29–40]. Сондықтан туыстас тілдердің лексикасын салыстырғанда фонетикалық және морфологиялық ұқсастықпен шектелмей, сөздің ұғымдық және семантикалық өрісін де ескеру қажет.

Жалған баламалылық мәселесі кейін жекелеген түркі тілдері негізінде кеңінен зерттеле бастады. Бұл зерттеулер туыстас тілдердің тарихи дамуы барысында ортақ сөздердің семантикалық құрылымында өзгерістер пайда болатынын көрсетеді [13: 1877–1890].

Қазақ және түрік тілдеріндегі жалған баламаларға тікелей арналған зерттеулердің бірі – Е. Айдоғмуштың «Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Arasındaki Yalancı Eş Değerler Üzerine» атты еңбегі. Зерттеуші түркі тілдерінің әртүрлі тарихи және географиялық жағдайларда дамуы нәтижесінде сөздердің мағыналарында тарылу мен кеңею тәрізді семантикалық өзгерістер болғанын көрсетеді [14: 109–135]. Қазақ және түрік тілдерінің материалын тікелей салыстыруы бұл еңбектің біздің зерттеуіміз үшін маңызын арттырады.

Жалған баламаларды қалай жіктеу керектігі мәселесін Х. О. Алтун қазақ және түрік тілдерінің материалдары негізінде арнайы қарастырған. Зерттеуші жалған баламалылықтың практикалық жағынан тіл үйрену мен аударма барысында туындайтын қателермен байланысты екенін, ал теориялық жағынан тарихи тіл білімі, семантика және лексикографияның тоғысындағы мәселе екенін көрсетеді [15: 27–46]. Сондықтан жалған баламаларды тек тұлғасы ұқсас, мағынасы басқа сөздердің қарапайым тізімі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оларды семантикалық сәйкестік дәрежесі мен қолданыс ерекшеліктеріне қарай жүйелеу қажет.

Осы зерттеулерді негізге ала отырып, бұл жұмыста жалған баламалылық кең мағынада қарастырылып, зерттеу материалдары семантикалық сәйкестік пен қазіргі қолданыс ерекшеліктеріне қарай жіктеледі.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазақ және түрік тілдеріндегі дыбыстық және тұлғалық жағынан бір-біріне ұқсас *ада – ada, адам – adam, айып – ayıp, әбдесте – abdest, баба – baba, зор – zor, мерт – mert, ой – oy, өрнек – örnek, өрт – ört-, мүсәпір – misafir, от – ot, сақын – sakın* тәрізді лексикалық бірліктер алынды.

Сонымен қатар тіл үйренушінің фонетикалық ұқсастық негізінде қате сәйкестендіруіне себеп болуы ықтимал *büyük – биік, kandır- – қандыр-, dur – тұр* сияқты бірліктер де қосымша материал ретінде қарастырылды.

Зерттеуде салыстырмалы-сипаттамалы және семантикалық талдау әдістері қолданылды. Сөздердің қазақ тіліндегі мағыналары түсіндірме сөздік материалдары негізінде қарастырылып, түрік тіліндегі қолданысымен салыстырылды. Талдау барысында сөздің сыртқы тұлғасына ғана емес, негізгі және қосымша мағыналарына, қолданылатын контексіне және қазіргі тілдегі белсенділігіне назар аударылды.

Зерттеу материалдары төрт топқа бөлінді:

1. толық жалған баламалар;
2. ішінара жалған баламалар;
3. мағыналық сәйкестігі сақталғанымен, қолданыс белсенділігі әртүрлі бірліктер;
4. фонетикалық ұқсастық негізінде туындайтын жалған сәйкестендірулер.

1. Толық жалған баламалар

Бұл топқа қазақ және түрік тілдеріндегі сыртқы тұлғасы бірдей немесе өте жақын болғанымен, қазіргі негізгі мағыналары өзара сәйкес келмейтін бірліктер жатқызылды.

Ада – ada. Түрік тіліндегі *ada* сөзі «арал» мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі *ада* «бір нәрседен жұрдай, мақұрым, айырылған» мағыналарында қолданылады. Мысалы, *малдан ада, адамнан ада* тәрізді тіркестер белгілі бір нәрседен айырылу немесе алшақ болу мағынасын береді. Екі тілдегі сөздің сыртқы тұлғасы толық сәйкес болғанымен, негізгі мағыналары алшақ [1: 61].

Зор – zor. Түрік тіліндегі *zor* «қиын» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі *зор* «ірі, үлкен, ерекше, айрықша, орасан» мағыналарында қолданылады. Сондықтан қазақ тіліндегі *маңызы зор* тіркесін түрік тіліне сөзбе-сөз *önemi zor* түрінде аудару дұрыс нәтиже бермейді [1: 398].

Мерт – mert. Түрік тіліндегі *mert* адамның жағымды қасиетін білдіріп, «батыл, ержүрек, сөзінде тұратын» деген мағыналарда жұмсалады. Қазақ тіліндегі *мерт болу* тіркесі «қаза табу, жазым болу, өлу» мағынасын береді. Бұл – екі тілдегі тұлғалық ұқсастыққа қарамастан, семантикалық құрылымы айқын ажыраған бірлік [1: 200].

Ой – oy. Қазақ тіліндегі *ой* адамның санасындағы пікір, түсінік, идеяны білдіреді. Түрік тіліндегі *oy* сайлау немесе белгілі бір мәселе бойынша дауыс беру кезінде берілетін «дауыс» мағынасында қолданылады [1: 380].

Өрт – ört-. Қазақ тіліндегі *өрт* – қаулай жанған жалынды от. Түрік тіліндегі *ört-* – «жабу, бүркеу» мағынасындағы етістік. Мұнда сөздердің мағынасымен қатар лексика-грамматикалық сипаты да ерекшеленеді [1: 573].

Мүсәпір – misafir. Қазақ тіліндегі *мүсәпір* жоқшылық пен кемтарлық зардабын тартқан бейшара адамды білдірсе, түрік тіліндегі *misafir* «қонақ» деген мағынада қолданылады [1: 270].

Бұл топтағы бірліктер тіл үйренуші үшін ерекше қиындық туғызады. Себебі олардың дыбыстық жақындығы мағыналық сәйкестік туралы жалған болжам қалыптастыруы мүмкін.

2. Ішінара жалған баламалар

Бұл топтағы бірліктердің мағыналары толық ажырамаған. Екі тілде белгілі бір ортақ семантикалық белгі сақталғанымен, сөздің мағыналық көлемі, негізгі мағынасы немесе қолданылу аясы ерекшеленеді.

Адам – adam. Қазақ тіліндегі *адам* жалпы адам баласын білдіретін кең мағыналы сөз. Түрік тіліндегі *adam* сөзінің қолданысында «ер адам, кісі» мағынасы басым. Демек, сөздердің мағыналық өрістері қиылысқанымен, семантикалық көлемдері толық сәйкес емес [1: 62].

Айып – ayıp. Қазақ тіліндегі *айып* «кінә» және дәстүрлі құқықтық ортадағы «жаза» ұғымдарымен байланысты. Түрік тіліндегі *ayıp* «ұят, әдепке жат қылық» мағынасында кеңінен қолданылады. Екі тілде де теріс бағалау семасы сақталғанымен, негізгі қолданыстары өзгеше [1: 114].

Әбдесте – abdest. Түрік тіліндегі *abdest* дәрет алу ұғымын білдіреді. Қазақ тіліндегі *әбдесте* дәстүрлі қолданыста дәрет алуға, бет-қол жууға арналған құман атауы ретінде кездеседі. Екі сөз бір мәдени-діни ұғымдық өріске жатса да, бір тілде әрекет/ұғымды, екіншісінде соған қатысты затты білдіреді [1: 566].

Баба – baba. Түрік тіліндегі *baba* «әке», ал қазақ тіліндегі *баба* «арғы ата, үлкен ата» мағынасында қолданылады. Екі сөз де туыстық атаулар жүйесіне жатады, бірақ білдіретін туыстық дәрежесі әртүрлі [1: 5].

Өрнек – örnek. Түрік тіліндегі *örnek* «үлгі, мысал» мағыналарын білдіреді. Қазақ тіліндегі *өрнек* көбіне ою, нақыш, көркемдік әшекей мағынасында қолданылады. Олардың арасында «үлгі» семасы арқылы мағыналық байланыс байқалғанымен, қазіргі негізгі қолданыстары толық сәйкес келмейді [1: 270].

От – ot. Қазақ тіліндегі *от* сөзінің негізгі мағыналарының бірі – жану нәтижесінде пайда болатын жалын. Сонымен қатар қазақ тілінде малға азық болатын «шөп, жайылым оты» мағынасы да бар. Түрік тіліндегі *ot* «шөп»

мағынасында белсенді қолданылады. Сондықтан *от – ot* жұбын толық жалған баламаға жатқызуға болмайды: олардың семантикалық өрістері белгілі бір нүктеде сәйкеседі [1: 418].

3. Мағынасы сақталғанымен, қолданыс белсенділігі әртүрлі бірліктер

Туыстас тілдердегі айырмашылық тек мағыналық алшақтықпен шектелмейді. Бір сөз екі тілде мағыналық жағынан жақын болғанымен, бірінде белсенді, екіншісінде сирек немесе тарихи қолданысқа айналуы мүмкін.

Осы тұрғыдан **сақын – sakın** бірлігі назар аударады.

Қазақ тілінің бұрынғы қолданысында *сақын* «сақтан, байқас бол, сақ бол» мағыналарын білдірген. Шалкиіз жырауда: [5: 83]

Дұшпаныңнан бір сақын,
Ел ішінде айқасып,
Ойнап жүрген достарыңнан мың сақын, –
деген жолдар кездеседі.

Түрік тіліндегі *sakın* сөзі қазіргі күнделікті тілде белсенді жұмсалады: *Sakın bir daha böyle yapma!* – «Екінші рет мұндай нәрсе жасай көрме!»

Демек, бұл жерде негізгі айырмашылық сөздің семантикасынан емес, оның қазіргі тілдегі қолданыс белсенділігінен көрінеді. Қазақ тілінде сирек немесе тарихи сипат алған бірлік түрік тілінде белсенді қолданысын сақтаған.

4. Фонетикалық ұқсастық негізінде туындайтын жалған сәйкестендірулер

Зерттеу барысында туыстас тілдердегі ортақ немесе тарихи байланысты сөздерден бөлек, дыбыстық ұқсастығы тіл үйренушіні жаңылыстыруы мүмкін бірліктер де кездесетіні байқалды.

Мысалы, түрік тілін әлі толық меңгермеген қазақ тілді үйренуші *büyük* сөзін алғаш естігенде оны қазақ тіліндегі *биік* сөзімен байланыстыруы мүмкін. Алайда түрік тіліндегі *büyük* «үлкен» деген мағынаны білдіреді. *Büyük ablam* – «үлкен әпкем», ал қазақ тіліндегі *биік тау* кеңістіктегі жоғары өлшемді білдіреді.

Түрік тіліндегі *kandır-* етістігі «алдау, алдап сендіру» мағынасында қолданылса, қазақ тіліндегі *қандыр- шөлін қандыру, үйқысын қандыру* тәрізді тіркестерде басқа мағыналық қызмет атқарады.

Мұндай құбылыс **dur – тұр** жұбынан да анық көрінеді. Түрік тіліндегі *dur!* «тоқта!» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі *тұр!* болса «орныңнан көтеріл» деген мағынада қолданылып, түрік тіліне *kalk!* деп беріледі.

Бұл мысалдар тіл үйренушінің екінші тілдегі сөзді ана тіліндегі фонетикалық жағынан жақын бірлікпен автоматты түрде байланыстыруы қате семантикалық сәйкестендіруге әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

5. Жалған баламалардың көркем мәтінді түсінуге әсері

Күнделікті қарым-қатынас тілінен көркем мәтінге көшкенде мәселе күрделене түседі. Көркем шығармада диалектизмдер, көнерген сөздер, ауыспалы мағыналар, фразеологиялық тіркестер және авторлық қолданыстар кездеседі.

Абай шығармасында:

Көре алмай қалдым қалқамның,
Дәл екі жыл қызығын.
Жүректегі жазылмай,
Тағдырдың салдың сызығын, –

деген жолдар кездеседі.

Мұндағы *тағдырдың сызығы* тіркесі сөздің тура мағынасымен шектелмейді. Түрік тіліндегі *kader çizgisi* қолданысы да тағдыр ұғымымен байланысты. Бұл мысал туыстас тілдердегі жеке сөздердің мағынасын салыстырумен қатар олардың тұрақты және бейнелі қолданысын да ескеру қажеттігін көрсетеді [2: 88; 3: 145].

Қазақ тіліндегі *қабағынан қар жауып тұр* тіркесінде де табиғат құбылысы емес, адамның ашулы кейпі бейнеленеді. Сондықтан көркем мәтінді аудару мен түсіндіруде жеке сөздердің формалық ұқсастығынан гөрі контекст пен фразеологиялық мағына шешуші рөл атқарады [9: 90; 10: 352–358].

6. Жалған баламалардың тіл үйретудегі маңызы

Қазақ және түрік тілдерінің туыстығы екі тілді өзара үйренуде үлкен мүмкіндік береді. Үйренуші көптеген сөздердің мағынасын арнайы жаттамай-ақ түсіне алады. Алайда осы артықшылық жалған баламаларға келгенде кері әсер етуі мүмкін.

Туыстас тілді меңгеруші екінші тілдегі таныс дыбыстық құрылымды ана тіліндегі сөзбен автоматты түрде байланыстыруға бейім. Егер екі сөздің мағыналары сәйкес келсе, бұл оң тасымал ретінде тіл үйренуді жеңілдетеді. Ал *зор – zor, мерт – mert, ой – oy* тәрізді бірліктерде осындай стратегия қате нәтиже береді [14: 109–135; 15: 27–46].

Сондықтан қазақ аудиториясына түрік тілін немесе түрік тілді аудиторияға қазақ тілін үйрету барысында лексикалық материалды кемінде үш деңгейде көрсету тиімді: тұлғасы мен мағынасы сәйкес ортақ сөздер; тұлғасы ұқсас, мағынасы ішінара сәйкес сөздер; тұлғасы ұқсас болғанымен, мағынасы алшақ сөздер.

Мұндай бірліктерді жеке сөз түрінде жаттатудан гөрі контекст, сөйлем және коммуникативтік жағдаят арқылы көрсету нәтижелі.

Мысалы, түрік тіліндегі *Babam geldi* сөйлемін қазақша «Бабам келді» деп емес, «Әкем келді» деп беру керек. Сол сияқты қазақ тіліндегі *Бұл жұмыстың маңызы зор* сөйлеміндегі *зор* түрік тіліндегі *zor* сөзімен тікелей алмастырылмайды.

7. Жалған баламалардың аудармадағы көрінісі

Тілдер арасындағы байланыстың маңызды жолдарының бірі – аударма. Туыстас тілдер арасындағы аударма бір қарағанда жеңіл көрінуі мүмкін. Сөйлем құрылысының жақындығы, ортақ сөздердің молдығы және грамматикалық жүйелердің ұқсастығы аудармашыға қолайлылық туғызады [6: 38–44; 8: 5–24;].

Алайда дәл осы жақындық қателесудің де себебі болуы мүмкін. Тұлғасы ұқсас сөздерді мағыналық жағынан да бірдей деп қабылдау дұрыс емес балама таңдауға әкеледі [12: 29–40; 13: 1877–1890].

Мысалы, жоғарыда қарастырылған *dur – тұр* жұбы мұны анық көрсетеді. Сөздердің дыбыстық ұқсастығына сүйеніп, туыс тіл болғандықтан мағынасы да бірдей деген болжам жасау дұрыс нәтиже бермейді.

Аудармада контекстік мағынаның маңызы да үлкен. Түрік тіліндегі *andırmak* етістігін қазақ тіліне аударғанда «еске салу» мен «еске түсіру» нұсқаларының арасынан контекске сәйкес балама таңдалуы тиіс. Мұндай айырмашылықтар шағын болып көрінгенімен, көркем мәтіннің мазмұны мен табиғилығына әсер етеді.

Сондықтан қазақ және түрік тілдері арасындағы аудармада жалпы екітілді сөздіктермен қатар жалған баламаларды, синонимдерді, тұрақты тіркестерді және контекстік қолданыстарды қамтитын салыстырмалы сөздіктердің болуы маңызды [7: 94–99; 10: 352–358].

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген зерттеу қазақ және түрік тілдеріндегі тұлғалық ұқсастықтың әртүрлі семантикалық қатынас қалыптастыратынын көрсетті.

Топ	Мысалдар	Негізгі белгісі
Толық жалған баламалар	ада–ada, зор–zor, мерт–mert, ой–оу, өрт–ört-, мүсәпір–misafir	Негізгі мағыналары сәйкес келмейді
Ішінара жалған баламалар	адам–adam, айып–ауıр, әбдесте–abdest, баба–baba, өрнек–örnek, от–ot	Ортақ сема бар, бірақ мағыналық көлемі немесе негізгі қолданысы өзгеше
Қолданыс белсенділігі	сақын–sakın	Мағынасы жақын, қазіргі

Топ	Мысалдар	Негізгі белгісі
әртүрлі бірліктер		қолданыс жиілігі әртүрлі
Фонетикалық жалған сәйкестендірулер	büyük–биік, kandır–қандыр-, dur–тұр	Дыбыстық жақындық ана тіліндегі сөзбен қате байланыстыруға себеп болады

Бірінші нәтиже – сыртқы тұлғалық ұқсастықты семантикалық сәйкестіктің көрсеткіші ретінде қабылдауға болмайды. *Ада – ada, зор – zor, мерт – mert, ой – oy* тәрізді бірліктерде формалық жақындық жоғары болғанымен, қазіргі негізгі мағыналары алшақ.

Екінші нәтиже – жалған баламалылық үнемі толық мағыналық ажырауды білдірмейді. *Адам – adam, баба – baba, от – ot* тәрізді сөздерде семантикалық өрістер белгілі дәрежеде қиылысады. Сондықтан оларды толық жалған баламалардан ажыратып қарастыру қажет.

Үшінші нәтиже – туыстас тілдер арасындағы айырмашылық сөздің мағынасымен ғана емес, оның қолданыс белсенділігімен де байланысты болуы мүмкін. *Сақын – sakın* жұбы осы құбылысты көрсетеді.

Төртінші нәтиже – тіл үйрену барысында жалған сәйкестік тек тарихи жағынан ортақ сөздерден туындамайды. *Büyük – биік, dur – тұр* сияқты дыбыстық жағынан ұқсас бірліктер де үйренушінің ана тіліне сүйеніп қате болжам жасауына себеп болуы мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ және түрік тілдеріндегі жалған баламаларды тек сөздер тізімі ретінде емес, **толық семантикалық алшақтық – ішінара семантикалық сәйкестік – қолданыстық айырмашылық – фонетикалық жалған сәйкестендіру** жүйесі бойынша қарастыру тиімді.

Қорытынды

Қазақ және түрік тілдерінің тарихи туыстығы олардың грамматикалық құрылымы мен сөздік қорындағы көптеген ортақ белгілерден көрінеді. Алайда ортақ тарихи негіз қазіргі тілдердегі барлық ұқсас тұлғалы сөздердің мағыналық жағынан толық сәйкес болуын қамтамасыз етпейді. Ұзақ тарихи даму, әртүрлі географиялық және мәдени орта, өзге тілдермен қарым-қатынас және тілдің ішкі семантикалық даму заңдылықтары нәтижесінде кейбір сөздердің мағыналары ажыраған.

Зерттеу барысында қарастырылған тілдік бірліктерді семантикалық және қолданыстық ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөлуге болатыны анықталды.

Бірінші топты қазіргі негізгі мағыналары толық ажыраған **толық жалған баламалар** құрайды. Олардың қатарына *ада – ada, зор – zor, мерт – mert, ой – oy, өрт – ört-, мүсәпір – misafir* бірліктері жатқызылды.

Екінші топтағы **ішінара жалған баламаларда** ортақ семантикалық белгі сақталғанымен, сөздердің мағыналық көлемі немесе негізгі қолданылу аясы өзгеше. Бұл топқа *адам – adam, айып – ayıp, әбдесте – abdest, баба – baba, өрнек – örnek, от – ot* бірліктері енгізілді.

Үшінші топ семантикалық жақындығы сақталғанымен, қазіргі тілдердегі қолданыс белсенділігі әртүрлі сөздерден тұрады. *Сақын – sakın* мысалы қазақ тілінде сирек немесе тарихи сипат алған бірліктің түрік тілінде белсенді қолданысын сақтауы мүмкін екенін көрсетті.

Төртінші топқа *büyük – биік, kandır- – қандыр-, dur – тұр* тәрізді фонетикалық ұқсастық негізінде қате сәйкестендіруге себеп болатын бірліктер енгізілді. Бұл құбылыс әсіресе туыстас тілді үйрену барысында ана тілінің әсерімен байланысты.

Ұсынылған жіктеу жалған баламалылықты бір ғана семантикалық құбылыс ретінде емес, бірнеше деңгейден тұратын лексикалық қатынас ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан зерттеудің негізгі нәтижесі қазақ және түрік тілдеріндегі тұлғалық ұқсастықтың толық мағыналық алшақтықтан бастап ішінара сәйкестікке, қолданыстық айырмашылыққа және фонетикалық жалған сәйкестендіруге дейінгі бірнеше типті қамтитынын көрсету болып табылады.

Зерттеу нәтижелері тіл үйрету тәжірибесі үшін де маңызды. Туыстас тілді үйретуде тек екі тілдің ортақ белгілеріне назар аудару жеткіліксіз. Тұлғасы ұқсас, бірақ семантикалық құрылымы өзгеше сөздерді арнайы топтап, контекстік мысалдар арқылы үйрету қажет. Бұл тіл үйренушінің ана тіліндегі дайын мағынаны екінші тілдегі ұқсас тұлғалы сөзге автоматты түрде көшіруінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Жалған баламалар аудармада да ерекше назарды талап етеді. Туыстас тілдер арасындағы формалық жақындық аударманы жеңілдетумен қатар, қате балама таңдау қаупін арттырады. Сондықтан аудармашы сөздің сыртқы тұлғасына ғана емес, оның контекстік мағынасына, семантикалық көлеміне, қолданыс жиілігіне және тұрақты тіркестер құрамындағы қызметіне назар аударуы тиіс.

Алдағы уақытта қазақ және түрік тілдеріндегі жалған баламаларды неғұрлым кең тілдік материал негізінде зерттеп, оларды зат есім, сын есім, етістік және тұрақты тіркес тәрізді лексика-грамматикалық топтарға бөлуге болады. Сонымен қатар олардың көне және орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштеріндегі қолданысын қазіргі тілдермен салыстыру әрбір сөздің семантикалық өзгеру бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан қазақша-түрікше жалған баламалардың арнайы оқу сөздігін немесе электрондық базасын әзірлеу өзекті. Мұндай ресурста сөздің екі тілдегі мағынасы ғана емес, оның қолданылу жиілігі, стильдік сипаты, контекстік мысалдары және аудармада жиі кездесетін қате нұсқалары көрсетілсе, ол түрік тілдерін оқыту, аударма және салыстырмалы түркология салаларына пайдалы болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1983.
2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998.
3. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994.
5. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
6. Рсалиева Н. Аудармадан кеткен ағат атаулар // Жалын. – 2006. – № 12. – 38–44 б.
7. Смағұлова Г. Түркі фразеологиясының мәселелері // II халықаралық түркология конгресі. – Түркістан, 2006. – 94–99 б.
8. Бельгер Г. Үндесім мен үйлесім // Әлем әдебиеті. – 2007. – № 1. – 5–24 б.
9. Чумакаев А. Э. Фразеологические единицы со значением качественной характеристики и состояния лица в алтайском языке в сопоставлении с русским: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Горно-Алтайск, 2002. – 221 с.
10. Алдашева А. Бір тілден екінші тілге аударудағы лингвомәдени және когнитивті айырым белгілер (адам келбетіне қатысты теңеулер негізінде) // II халықаралық түркология конгресі. – Түркістан, 2006. – 352–358 б.
11. Жетесова Ж. А. Аударма негіздері. – Ақтөбе, 2008.
12. Uğurlu M. Türk Lehçeleri Arasında Kelime Eşdeğerliği // Bilig. – 2004. – № 29. – S. 29–40.
13. Uğurlu M. Lehçe İçi Aktarmada Yalancı Eş Değerlik // 38. Uluslararası Asya ve Kuzey Afrika Çalışmaları Kongresi (ICANAS). – Ankara, 2011. – S. 1877–1890.
14. Aydoğmuş E. Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Arasındaki Yalancı Eş Değerler Üzerine // Gazi Türkiyat. – 2018. – № 23. – S. 109–135.
15. Altun H. O. Yalancı Eş Değerler Nasıl Tasnif Edilmeli? Kazakça ve Türkiye Türkçesi Üzerinde Deneme // Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi. – 2020. – № 48. – S. 27–46.